

**<sup>1</sup>Н.Н. Кайранбаева<sup>ID</sup>, <sup>2</sup>З. Шадкам<sup>ID</sup>**

<sup>1</sup>PhD докторанты, оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kairanbayeva.n.n@gmail.com

<sup>2</sup>филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zubaida.68@gmail.com

## ШАҒАТАЙ ТІЛІНДЕ СӨЗДІКТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНЕ ШОЛУ

**Аңдатпа.** Шағатай тілі – XIV ғасырдың алғашқы жартысынан XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін қамтитын ортаазиялық түркі халықтарының ортақ әдеби тілі. Сол мерзімде әйгілі акын-жазушылардың әдеби тілін түсіну мақсатында шағатай тілінде сөздіктер жазыла басталды. Көне түркі тіліндегі сөздіктерін зерттеулер XIX ғасырдың алғашқы ширегінде еуропалық ғалымдар тарапынан бастау алады. Шағатай тіліндегі жазылған сөздіктерге толыққанды мағлұмат беру, олардың аясында жасалынған зерттеулерді қарастырып, оларға сипаттама беру, егеменді қазақ халқы көзқарасымен шағатай тілі мен оның сөздіктері жайлы ғылыми жұмыстар жасалмағанына көз жеткізу – мақаламыздың басты мақсаты болып табылады. Ғылыми зерттеу барысында салыстырмалы талдау, жинақтау, сараптау әдіс-тәсілдері қолданылды. Ғылыми зерттеудің құндылығы – қазақ түркітанушылар арасында шағатай тілінде сөздіктеріне байланысты ғылыми жұмыстардың жоқтығын айқындау.

Зерттеудің басты мәселелерін негізге ала отырып, келесідей қорытындыларға көз жеткізіп отырмыз: шағатай тілінде көптеген сөздіктер әлі де толық зерттелінбеді, отандық түркітанушылар тарапынан бұл тақырып мүлдем қарастырылмады, шағатай тілінің сөздіктерге жасалған зерттеулерінде ақаулықтар кездесті. Жұмыстың практикалық нәтижесі ретінде шағатай тілінің сөздіктеріне болжалды хронологиялық классификация құрылып, болашақта шағатай-қазақ тілдерінің сөздігін құру қажеттілігі деген ұсыныс берілді.

**Түйін сөздер:** шағатай тілі, шағатай тіліндегі сөздіктер, Әлішер Науаи, ортағасыр түркі тілі.

<sup>1</sup>N.N. Kairanbayeva, <sup>2</sup>Z. Shadkam

<sup>1</sup>PhD student, teacher of Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: kairanbayeva.n.n@gmail.com

<sup>2</sup>Candidate of Philology, associate professor, teacher of Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: zubaida.68@gmail.com

### Overview on the research of dictionaries in Chagatai language

**Abstract.** The Chagatai language is the common literary language of the Turkic peoples of Central Asia from the first half of the 14<sup>th</sup> to the beginning of the 20<sup>th</sup> century. In order to understand the literary language of famous poets and writers of that time, dictionaries in the Chagatai language were compiled. The interest to the study of ancient Turkic dictionaries in the Chagatai language which is considered as a significant topic for Turkology started in the 19<sup>th</sup> century. The main purpose of the article is to provide complete information about the dictionaries of the Chagatai language based on the collected materials, create a predictable chronological classification of the research, consider and compare studies on dictionaries. The study used methods of comparative analysis, gathering information and classification. The main conclusions were deduced in the article and some suggestions for studying the dictionaries of the Chagatai dictionaries are given.

Based on the key issues of the study, we came to conclusion that many of the Chagatai language dictionaries have not been fully explored yet, this topic has not been fully considered by Kazakh Turkologists, there were also found encountered some mistakes in the Chagatai language dictionaries.

**Key words:** Chagatai language, dictionaries in Chagatai language, Alisher Navoi, medieval Turkic language.

**<sup>1</sup>Н.Н. Кайранбаева, <sup>2</sup>З. Шадкам**

<sup>1</sup>PhD докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: kairanbayeva.n.n@gmail.com

<sup>2</sup>кандидат филологической наук, доцент, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: zubaida.68@gmail.com

**Обзор по исследованиям словарей на чагатайском языке**

**Аннотация.** Чагатайский язык является общим литературным языком тюркских народов Центральной Азии с первой половины XIV века до начала XX века. С целью понять литературный язык известных поэтов и писателей того времени были составлены словари на чагатайском языке. Интерес к изучению древнетюркских словарей на чагатайском языке начался в первой четверти XIX века и является актуальной темой для тюркологии. Основной целью статьи является предоставление полной информации о словарях чагатайского языка, опираясь на собранные материалы, создание хронологической классификации исследований над словарями и сравнение их. В исследовании использовались методы сравнительного анализа, сборки материала, классификация данных. В статье были выведены основные заключения и приведены некоторые предложения по изучению чагатайских словарей.

Основываясь на основных вопросах исследования, мы находим, что многие словари на чагатайском языке не были полностью изучены, эта тема не была полностью рассмотрена отечественными тюркологами, и были найдены ошибки в исследованиях над словарями чагатайского языка. В качестве практического результата работы была создана хронологическая классификация словарей чагатайского языка. Также было предложено разработать словарь чагатайского-казахского языков в дальнейших исследованиях.

**Ключевые слова:** чагатайский язык, словари на чагатайском языке, Алишер Навои, средневековый тюркский язык.

XIV ғасырдың алғашқы жартысынан XX ғасырдың басына дейінгі ортаазиялық түркі халықтарының тілі – шағатай тілі. Ол тек Хорасан, Ферғана, Шығыс Түркістанда ғана емес, сонымен қатар Үндістанда, Қазанда, Қырымда және Осман империясында ортақ тілі ретінде қолданылды. Орталық Азиядағы танымал Самарқанд, Бұхара, Герат, Хиуа, Қоқан және Қашқар сияқты қалалар шағатай тілінің дін, әдебиет, фольклор мен тарих тілі ретінде қолданылған мәдени орталықтарға айналды.

Шағатай тілі XV ғасырдан бастап Әмір Темір, Шайбани, Бабыр империясы мен Хиуа және Қоқан хандықтарында ресми мемлекеттік тіл ретінде қолданылса (Шадкам, 2015: 259) да, XIX ғасырдың аяғында кейбір тарихи оқиғалардан кейін сол аймақтағы ұлттық тілдер өз тәуелсіздігін сақтауменен қатар, жеке ұлттық тіл ретінде даму бағытына бет бұрды. Осылайша шағатай тілі Орталық Азияда тіршілік еткен түркі халықтарының мемлекет тілі статусынан айрылады. Бүгінгі таңда ол «өлі тіл» ретінде саналады. Дегенмен кейбір тарихи оқиғалардың әсері мен халық арасында маңыздылығын жоғалтқанына қарамастан, қазіргі уақытта «шағатай тілі» түркі әлемінде қайтадан жанданған негізгі тақырыптардың біріне айналды.

Батыс зерттеушісі А. Бодроглигети өз кітабында атап өткендей, шағатай тілі қазіргі ғалымдар үшін көптеген бағыттарда таптырмай-

тын дереккөздер ұсынады. Дін, тарих, әлеуметтік тарих, әдебиет, фольклор, тарихи лингвистикалық, лексикография және лексикология сияқты ғылымдар үшін бес жүз жылдан астам уақыттың құнды білім мен тарихи оқиғаларын бере алады (Bođrogligeti, 2001: 3).

Кеңес Одағында «шағатай тілі – көне өзбектің тілі» деген ұғым қалыптасқан болса да, қазіргі таңда ол ғасырлар бойы өмір сүрген Орта Азияның түпкі тұрғындары, яғни қазақ, қырғыз, түркімен, татар сияқты барлық түркі халықтарына тән ортақ мұра екенін түркітанушылар тарапынан толыққанды қабылданып жатыр.

Орталық Азияның мемлекеттерімен қатар, Германия, Түркия, Ресей, Финляндия, Венгрия, Франция, т.б. шет елдерінің үкіметтері шағатай мұрасының маңыздылығы мен мәдени қажеттілігін түсіне отырып, XX ғасырдың аяғынан бастап көптеген зерттеулер жасалып жатыр. Біз де Қазақстан Республикасының «Рухани мұра» бағдарламасы аясында қазақ елінің түпкі тамырын түсіну мақсатында шағатай тілінде жазылған әлі де зерттелмеген еңбектерді немесе өзіміздің тәуелсіз қазақ елі көзқарасымен Кеңес Одағында зерттелген еңбектерді қайтадан зерттеп қолға алуымыз – біздің бабаларымыз алдында борышымыз.

Классикалық шағатай тілінде зор еңбек қалдырған ұлы тұлғалардың бірі – Әлішер Науаи.

Оның туындыларының көбісі классикалық шағатай тілінде жазылғандықтан, ол түркі әлеміне елеулі ықпал қалдырды. Ә. Науаидың ойлары мен насихаттарын түсіну мақсатында сол дәуірдің зиялылары тарапынан көптеген сөздіктер шығарыла бастады. Шағатай сөздіктерінің библиографиясын жасаған түрік ғалымы Ф. Рахимнің зерттеулеріне сүйенетін болсақ, оның жалпы саны он үш негізгі сөздікті құрайды. Мұндай сөздіктер сол кездегі Түркістан, Иран, Әзірбайжан және Осман империясы сияқты түркі және ислам әлемінің әртүрлі бөліктерінде маңызды рөл атқарды. Олар құнды қор ретінде қарастырылып қана қоймай, «Сөздіктер тізімін» құрды (Rahimi, 2018: 72).

Ортағасыр түркі тілін зерттеу мақсатында шағатай тілінің сөздіктеріне зерттеулер жасалына бастады. Бұл зерттеулерді қарастыра отырып, төмендегідей классификацияға бөлуге болады: 1-кезең – XIX ғасырдың II ширегінен XX ғасырдың ортасына дейін; 2-кезең – XX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың аяғына дейін; 3-кезең – XX ғасырдың 90-жылдарынан қазіргі уақытқа дейінгі мерзімдерді қамтиды.

Шағатай тілінің сөздіктеріне қызығушылық XIX ғасырдан бастау алады. Зерттеулердің көбісін еуропалық ғалымдар бастаған. Алғашқы зерттеулердің қатарында Үндістандағы Калькутта қаласында шыққан екі еңбекті атауға болады. Оның бірі неміс тілінде «Calcuttaer Wörterbuch der Dschagataischen Sprache (1820 ж.)» атымен баспадан шыққан еңбек бастау алса, одан кейін Фазуллах ханның сөздігін зерттеп, 1825 жылы «Lugat-ı Fazlu'llāh Hān (Lugat-i Türkî)» атты кітапты Абдүр-Рахим жарыққа шығарады. Сонымен қатар алғашқы зерттеушілердің қатарынан А. Вамбери (Венгрия), И.Т. Ценкер (Германия), Павел де Куртейль (Франция), Ж. Экман (Венгрия) т.б. авторлардың есімдерін атауға болады. 1867 жылы Лейпциг қаласында жарық көрген А. Вамберидің «Csagatajtörök szogyűjtemeny» атты кітабы, И.Т. Ценкер «Түркі-араб-парсы сөздігі» мен Павел де Куртейльдің «Düctionnaire Turk Oriental» (Париж, 1870 ж.) атты еңбектері – олардың ең белгілілері. Орыс түркітанушыларының ең

алғашқы еңбегі Л. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» және А.А. Ромаскевичтің «Новый чагатайско-персидский словарь» атты еңбектері де әлі негізгі дерек ретінде орыс түркітану ғылымында қарастырылып отыр. Осындай Еуропаның шығыстанушылары тарапынан шағатай тілінің сөздік қорына қызығушылығы орыс және түрік түркітанушыларын да ықылассыз қалдырмады.

XIX ғасырдан бастау алған Еуропаның венгр, неміс, француз ғалымдары орыс және түрік зерттеушілерін өзінің еңбектері арқылы жігерлендіреді. Олардың қатарынан Б. Аталай, В.В. Вельяминов-Зернов, В. Радлов («Опыт словаря тюркских наречий»), А. Самойлович, А.К. Боровков сияқты ғалымдарының еңбектерін қоса аламыз. XX ғасырдың 70-80-жылдарында П. Шемсиев («Ali Şer Nevaiy Asarlari Lugati», 1972 ж.), А. Ибрагимов («Muhammed Yakub Çingî: Kelûr-Name», 1982ж.), В. Рахманов, Ф. Иргаш, т.б. өзбек түркітанушыларын да атауға болады.

XIX-XX ғасырлардың еңбектеріне сүйене отырып, қазіргі таңда шағатай сөздіктер аясында толықтырулар енгізіліп, зерттеулер жасалынды. Олардың арасынан Али Ақардың «Түркі тілі тарихы» кітабы, Хасан Ереннің «Шағатай сөздіктер туралы жазбалар» атты мақаласы, Зухаль Каргы Өлмездің «Шағатайша сөздіктер» атты мақаласы, Фархад Рахимидің «Шағатай түркі тілінің сөздіктердің библиографиясы» атты мақаласы сияқты түрік авторлардың жұмыстары қарастырылды. Аталған ғылыми мақалаларының көбінде шағатай тілінің сөздіктеріне жалпы сипаттама беріліп, қазіргі кезде әлем мұражайларының сирек қорлары мен ғылыми ордаларда сақталған нұсқалардың саны, қысқаша тарихы туралы атап өтеді. Мысалы, К. Өлмез, Х. Ерен сияқты зерттеушілердің жұмыстарында алты-жеті сөздікке сипаттама берілсе, Ф. Рахимидің мақаласында жиырма тоғыз шағатай сөздігі мен оның нұсқалары туралы толық мәлімет берілді.

Шағатай тіліне құрастырылған негізгі сөздіктерін алып, олардың жалпы сипаттамасын, басқа сөздіктерден ерекшеліктері жайлы, оның авторы, тілі, нұсқалары сияқты ақпараттарды теріп, төмендегідей кесте арқылы көрсетуге болады:

№	Сөздіктің атауы:	Авторы, басылған жылы:	Тілдері:	Зерттеулер мен нұсқалар:	Ерекшеліктері:
1	Абушка сөздігі	Авторы белгісіз, шамамен 1544 жыл	Шағатай-түрік тілдерінде	Ж. Тури (1904), Вельяминов-Зернов (1869), А. Вамбери (1862, венгр тілінде)	3027 сөздік бірлікті қамтиды.

2	<b>Бедаи-а-л Лугат</b>	Авторы Имани аталагын Гераттық Тали. Көшірілген мерзім 1705 жыл.	Парсы-шағатай тілдерінде	А.К. Бороков зерттеген (1961). Петербург мемлекеттік кітапханасында сақтаулы.	Шамамен 1000 сөзді қамтиды. Кіріспе бөлімінде Хүсейін Байқара кезінде Әлішер Науаидің еңбектерінен пайдалану мақсатында құрылды.
3	<b>Сенглаһ</b>	Надир Шах, Мырза Мехди хан Астарбади 17 ғ.	Шағатай-парсы тілдерінде	Зерттеушілер: Е.Денисон Росс (1910), Ж.Экман (1942), К.Х. Менгез (1956), Б.Аталай (1956), С.Г.Клаузон (1960) Лондон, Париж, Тегеран кітапханаларында жалпы алты нұсқасы бар.	6000-ға жуық сөзді қамтиды. Автор өз түсіндірмесіне қарай жастығында Ә.Науаидің еңбектерін оқыған кезде бірнеше қиындыққа кезіккендіктен оған «Сенглаһ» (Тас) атауын берді.
4	<b>Хүласе-и Аббаси</b>	19 ғ. алғашқы жартысы Мехмед Хои тарапынан Иранда жазылды.	Шағатай-парсы тілдерінде	Әлі басылмады. Зерттеушілер: Павел де Куртейиль (1870), А.Вамбери (1867). Тегеран, Тебриз, Парижде үш нұсқасы сақталуда.	Мырза Мехди Ханның ықпалымен жазылған. Сөздікте автор туралы ешқандай ақпарат берілмеді.
5	<b>Лугат-и Чағатай ве Түркі-и Османи</b>	Шейх Сүлейман Эфенди тарапынан 1882 жылы Ыстамбұлда жарияланды.	Шағатай-осман тілдерінде	Игнас Кунос (1902 ж. неміс тілінде), Мехмет Өлмез (2003 ж. түрік тілінде)	7000-ға (6775) жуық сөздік бірлікті құрайды.
6	<b>Фазлуллах ханның сөздігі (Lügat-i Türki)</b>	17 ғ. Үндістан Империясының бесінші мұрагері, Бабур ханның немересі Мұхаммед Евренгзібтің кеңесі бойынша жазылған.	Шағатай-парсы тілдерінде	1825 жылы Калькуттада басылып шығарылды.	Сөздік үш бөлімнен тұрады: 1. Алфавиттік тәртіптегі етістіктер, 2. Зат есімдер, 3. Сан есімдер, жануарлар, өсімдіктер, түркі тайпалық және рулық атаулар, әскери терминдер.
7	<b>Келүр-наме (Китаб-ы Зебан-ы Түркі)</b>	Мухаммад Жақып Шыңғының «Келүр-наме» сөздігі, 1982 ж. Ташкент қаласында басылды.	Шағатай-парсы тілдерінде	А.Ибраимова (1982 ж., өзбек тілінде), Фонда Кара (2011 ж. түрік тілінде) зерттеген. Ұлыбритания (London British Museum), Ташкент және Үндістанда нұсқалары бар.	Жұмыс бес тарау бойынша 14 бөлімге бөлінген. Сонымен қатар, грамматикалық бөлім бар. Сөздіктің тілі қиын.
8	<b>Ел-Тамга-и Насири</b>	Шейх Мухаммад Салих, 19 ғ.-дың екінші жартысы	Парсы-шағатай тілдерінде	А. Джафероглу (1974 ж.)	Насируддин Шахқа арналған. Кіреберіс «Мабани-лугатқа» ұқсайды.
9	<b>Фетхали Качардың сөздігі</b>	1862 жылы Фетхали Качардың тарапынан жазылған.	Парсы-шағатай тілдерінде	Ж.Тури (1903 ж.), Ромаскевич (1934 ж.), Х. Ерен (1950 ж.), Жанбаев Ш. (1999 ж.), Ф. Рахими (2016 ж.)	Иран аумағында жазылған ең үлкен сөздік. Автор «Сенглаһ»-ты қолданылған.
10	<b>Үсс-и Лисан-и Түркі</b>	Мехмед Садық, 1897-1898 ж.ж. Ыстамбұл	Осман-шағатай тілдерінде	Мартин Хартман неміс тіліне аударылды (1902 ж.). Али Ылғын, Реджеп Топарлы (Түркия, 2006 ж.)	Еңбек алты бөлім және қысқаша сөздіктен тұрады.

Шағатай тіліне қатысты сөздіктерді қарастыра отырып, ең маңызды он сөздік атап көрсетілді: «Абушқа сөздігі», «Бедаи-а-л Лугат», «Сенглаһ», «Хүласе-и Аббаси», «Лугат-и Чағатай ве Түркі-и Османи», «Фазлуллах ханның сөздігі (Lügat-i Türki)», «Келүр-наме (Китаб-ы Зебан-ы Түркі)», «Ел-Тамга-и Насири», «Фетхали Качардың сөз-

дігі», «Үсс-и Лисан-и Түркі». Әр біреуі белгілі бір дәуірде, өзіне тән ерекшеліктерімен, әрі белгілі бір мақсатпенен жазылған. Олардың арасында ең көне сөздігі – «Абушқа сөздігі». Ж. Тури 1904 жылы жазған шағатай тіліне байланысты еңбегінің ішінде сөздіктер туралы елеулі мағлұмат береді (Ерен, 1950: 145). Оның

пікірінше «Абушқа» сөздігі («*Abuşka Lügati*») шағатай тіліндегі сөздіктерінің ең көнесі болып есептеледі. Сөздіктің авторы беймәлім, дегенмен туынды XVI ғасырдың ортасында Осман тілінде жазылған шағатай-осман тілінің сөздігі екені анық. Сөздік «қарт әйел, кемпір» деген мағына беретін «Абушқа» атты бастапқы сөзімен басталғандықтан оған «Абушқа сөздігі» деген есім беріледі. Сонымен қатар аталған сөздік «Лүгат-и Абушқа», «Китаб-и Лүгат-и Абушқа», «Абушқа дер лугат-и Чағатай», «Лүгат-и Науаи», «Лугат-и Мевлана Неваи», «Лугат-и Мир Али Шир Неваи», «ел-Лүгат-и а`ла Лисан-и Неваи», «ел-Лугат-үн-Невайийе уе`л-Иштихадү-түл-Чағатаийе», «Китабү-л Лүгат фи Лисан-и Чағатай», «Китабү Лүгати Чағатай уе Диван-и Лүгат-и Неваи» секілді атаулармен де белгілі (Güzeldir, 2002: 10). К. Өлмес Абушқа сөздігінің ішкі құрылымын көрсете отырып, алфавиттік тәртібі сияқты жалпы сипаттама береді.

Шағатай тілінің тарихы үшін маңызы зор танымал болған бұл сөздік алғаш рет 1862 жылы Пешт қаласында венгр тілінде баспадан шығарылады. Бұл басылымнан кейін, «Абушқа сөздігі» В. Вельямин-Зернов тарапынан француз тіліне аударылып, Петербург қаласында 1869 жылы жарияланады (Egen, 1950: 145). Түрік жас ғалымы М. Гүзелдир тарапынан докторлық диссертация ретінде алынып, «Абушқа сөздігіне» толыққанды зерттелінді. Оның зерттеулері бойынша бүгінгі таңда Еуропада бұл сөздіктің он жеті нұсқасы бар болса, Түркияның кітапханалары мен мұражайларында сирек кездесетін қор ретінде жиырма үшке жуық үлгісі сақталып жатыр. Барлық нұсқалардағы сөздердің саны жайлы әртүрлі мәлімет бергенмен де, шағатай тілінің 3027 сөз бірліктерінің түсіндірмелері берілгенін нақты айтуға болады. Науаидың жиырма сегіз шығармаларының атауы сөздіктің тоғызыншы парағында көрсетіледі. Әсіресе Сұлтан Ескендір Мырза, Кутби, Мевлана Лутфи, Мир Хайдар, Бабур Мирза, Наими, низами, Сұлтан Хусейн Байқара және тағы он алты автордың еңбектерінің атаулары кездеседі. Жоғарыда келтірілген көшірмелерден Аясофья, Асад Эфенди, Лала Исмайыл I, Сейфеттин Өзеге және Шехид Али пашаның нұсқаларын зерттеудің негізі ретінде таңдалынды. Шағатай тілінде жазылған барлық жазба мұралар сияқты бұл сөздіктің кей нұсқалары аяқталмаған немесе беттері жоғалған болса, енді біреулерінің беттері оқуға қиындық туғыздырды. Сол себептерден түрік ғалымы Аталай Бесимнің дайындаған және оның өлімінен кейін жарияланған «Абушқа сөздігі»-нің

аясында зерттеу жасалынды. Осы алты көшірменің ішінен Науаидың жиырма сегіз еңбегі мен басқа да ғұламалардың (он алты автордың) туындыларын мысал ретінде келтірген толық көлемді нұсқасы Асад Эфендидің (*Esad Efendi*) нұсқасы болып табылады (Güzeldir, 2002: 17).

XVIII ғасырда қазіргі Иран мемлекетінде Мырза Мехди хан мен Темір әулетінің билеушісі Надир Шахтың тарапынан жазылған шағатай түркі тілінің ең маңызды сөздіктерінің бірі – *Сенглах*. А. Акар «Мырза Мехди хан еңбегін жазғанда сол кездегі басқа шағатай түркі тілінде жазылған сөздіктерді де қарап шыққан, осы аралықта кейбір сөздіктердегі қателерді түзеткен. Еңбек Лүтфи, Науаи, Бабыр, Хусейн Байқара сияқты маңызды түркі жазушылары мен ақындарының еңбектерімен шағатайша *Калила мен Димна* көшіріліп, енгізілген (Акар, 2010: 126)» – деп өз кітабында қосады.

*Сенглахта* шағатай тілімен қоса Тұран және Мәуренахр өзбектері, Рим және Аран (Әзірбайжан тілінде) түркілерінің тілдеріне де орын беріледі. Бұл болашақта түркі тілдерінің өзара тілдік байланыстарын, ұқсастықтары мен өзгешеліктерін зерттеуді қажет етеді (Акар, 2010: 208). Үш бөлімнен тұратын сөздік Мебани-л лүгат атты бірінші бөлімде шағатай тілінің қысқаша грамматикасы мен емле ережесі беріледі. Екінші бөлімде шағатай-парсы тілдерінің сөздігі орын алады. Ал үшінші бөлімде Ә. Науаидың еңбектеріндегі арабша және парсыша терминдерге түсініктемелер беріледі (Eckman, 1960: 38).

«*Сенглах*»-тың белгілі алты нұсқасы бар. Бұлардың төртеуі Англияда, қалған екеуі Париж бен Тегеран мемлекеттерінде сақталуда. Сөздіктің бірінші бөлімі *Мebани-л лүгат* 1910 жылы Е. Денисон Росс тарапынан жарияланды.

Мырза Мехди «Сенглах»-ты жазудың себепін оның Әлішер Науаиға сүйіспеншілігінен басталғанын көрсетеді. Ол өзінің жас шағынан Науаи шығармаларын оқығанды қатты ұнататындығын, оның барлық тілегі ақынды түсінуді армандағанын, оның тынымсыз ізденістерінің нәтижесінде ақын тілінің астарларын терең зерттеп, Науаидың қиын сөздері мен сөз тіркестеріне түсініктеме беретін сөздіктердің жетіспеушілігін анықтағаннан кейін сөздік жазуға бел буғаны жайлы сөздіктің кіріспе бөлігінде айтады (Eckman, 1960: 39).

Сөздікке толыққанды қарастырған алғашқы зерттеушілердің бірі 1910 жылы Үндістанда Калькутта қаласында жарық көрген «*The Mabani'l-Lughat being a Grammar of the Turki language in Persian by Mirza Mehdi Khan*» атты ең-

бектің авторы Е. Дениссон Росс болса, шамамен отыз жылдан кейін «Mirza Mehdi's Darstellung der tschagataischen Sprache» (1942, Будапешт) атты еңбегінің авторы Ж. Экманн болып табылады.

«Бедаи-ал Лүгат», «Хүласе-и Аббаси», Шейх Сүлейман Эфендидің сөздігі, «Фазуллах ханның сөздігі (Lügat-i Türki)», «Келүр-наме (Китаб-ы Зебан-ы Түрки)», т.б. сөздіктер жайлы ақпарат тапшы болғандықтан, оларды қарастыру қазіргі заман түркітанушыларының болашақ ғылыми жұмыстарының бір нысаны болатынына үміт тудырады.

Шағатай сөздіктері туралы жасалынған осындай зерттеулер Еуропа ғалымдарының көне түркі тіліне қызығушылық танытып, XIX ғасырдан бастап көптеген іс атқарғанына дәлел бола алады. Олардың бай ғылыми жұмыстары ескі түркі тілін зерттейтін жас ғалымдар үшін іргетас саналғанмен де, олардың жұмыстары XV-XIX ғасырдың қолжазбаларымен тікелей жұмыс істеу ғалымның сол дәуірдің жазба стилін, лексикалық ерекшеліктерін, автордың емле ережесіне жүгінуін білу керек. Осыған бірде бір дәйек – шағатай тілінің сөздіктерін зерттеген ғалымдардың лексикалық формасы мен мағынасы жағынан көптеген қателіктерінің кездесуі. Шағатай тілінің лексикасы жазбаша дереккөздерге негізделгені анық. Сондықтан да олардың шығармаларында дұрыс көрінбейтін немесе нашар жазылған кейбір жерлері байқалынады. Шағатай тілінің сөз қорына қатысты бұл шығармаларды зерттеу мен сынға алу түркітанушылар үшін өте маңызды мәселе болып табылады. Мұндай мәліметтерге толыққанды сенуге лайық еместігін түркітанушы Х. Ерен атап өтеді. Өзінің «Çağatay Lügatleri Hakkında Notlar» атты мақаласында сөздіктердің аудармасымен жұмыс істеген зерттеушілердің кейбір қателіктерін көрсетеді. «*labaşaq*», «*çitüq*», «*dabir*» сияқты көптеген шағатай тіліндегі кейбір сөздік бірліктері еңбектің нашар оқылу немесе әріптердің дұрыс түсінбеу салдарынан қате аударылғанын дәлелдейді. Жиырмаға жуық мысалдардың бірі болған “*dabir*” сөзіне көңіл аударсақ, оның қате оқу кесірінен түсініспеушілік тудырғанын көре аламыз. Алғаш рет бұл сөзді И. Ценкердің «*Türkisch-Arabisch-Persisches Handwörterbuch*» атты сөздігінде кездестірді. Шағатай тілінде *دبر* (*debr*) сөзі «*genou (mize)*» мағынасына келетіні туралы жазған бұл автор ол сөзді «*Lügat-i Turki*»-ден алғанын айтады. Сонымен қатар, ескі және жаңа шағатай сөздіктерінде бұл сөз туралы кейбір мәліметтер кездеседі. Л.З. Будагов, бұл сөзді «Лүгат-и түрки»-

ден ала отырып, *دبر* (*dabir*) түрінде жазғандай, В. Радловтың сөздігінде де *دبر* (*dabir*) сөзі «*Das knie (бұл mize)*» түрінде көрсетілген. Ж. Туридің пікірінше, Л. Будаговтың жазған *دبر* сөзі дұрыс емес, дұрысы *دبر* болады (Eren, 1950: 153). Жоғарыда келтірген мысалмен қатар, Х. Ерен *ümiü'ün – umurun, gerfeke – kerefske, acırğa – isir – ispir, onzel – ötrük, şışal – şışek* сияқты мысалдарды толық анықтап көрсетеді.

Шағатай тіліндегі сөздіктерге жасалған зерттеулерге шолу ретінде толыққанды ақпарат бере отырып, төмендегідей жұмыс атқарылды:

1. Шағатай тіліндегі сөздіктерге жасалынған зерттеулерге ақпарат жинап, үш кезенге бөліп қарастырылды.

2. Шағатай тілінің сөздіктері мәдени-тарихи жағынан құнды екені көрсетілді.

3. XIX ғасырдан бастап қазіргі таңға дейін шағатай тілінің сөздіктері аясында жасалынған барлық зерттеулерге сипаттама беріліп, олардың кемшіліктері көрсетілді.

Жоғарыда келтірген барлық ақпаратты ескере отырып, мынандай қорытынды шығарылды:

1) Шағатай тілінде сөздіктер жайлы өзге мемлекеттердің зерттеушілері (неміс, венгр, түрік, орыс ғалымдары) қарастырып жатса да, көптеген сөздіктер әлі де толық зерттелінбеді;

2) Жинаған ақпаратқа сүйеніп, ескі түркі тілінің сөздіктерін зерттеулерге жасалынған болжалды хронологиялық классификация құрылуы;

3) Қазақ түркітанушылары арасында шағатай тілінің сөздіктері туралы ақпараттың тапшылығы;

4) Шағатай сөздіктері аясында жасалынған XX ғасырдың зерттеулерінде ақаулықтар кездескендіктен, оларды жаңадан қарастыру қажеттілігі;

5) Түркі тілі тарихының кезеңі мен ұлттық мәдениетіміз үшін зор маңызға ие болып табылатын шағатай тілі туралы жан-жақты зерттеулер жасалынып, шағатай сөздіктеріне, олардың көшірмелері мен әртүрлі кезеңде жазылған сөздіктерінің лексикалық қорын салыстырмалы түрде талдау жүргізу толық зерттелінбеуі;

6) Аталмыш сөздіктерінің зерттеулеріне сүйене отырып, ескі түркі тілдерінде жазылған қолжазбаларға пайдасын тигізетін шағатай-қазақ тілдерінің сөздігін құрастыру қажеттілігі.

### Қорытынды

Қазіргі таңда ұлттық дүниетаным мен мәдениеті, этностың ойлау жүйесін сол ұлттың тіліне сүйеніп зерттеу, тіл арқылы қалыптасқан мәде-

ниетті жан-жақты таразылау өзекті мәселе екені белгілі. Кеңес Одағының шығыстанушылары мен түркітанушылары шағатай тіліндегі көне түркі әдеби ескерткіштерін зерттеп, оны қазіргі өзбек тілінің жалғасы деп саралаған. Дегенмен, шағатай тілі белгілі бір ұлтқа негізделіп, оның ерекше туындысы деп баяндаудың орынсыз екенін қазіргі түркітанушылар көзашып байқап жатыр. Шағатай тілі – күллі түркі әлемінің ортақ ауызекі әрі жазба тілі екенін қазіргі түркітану ғылымында дәлелденді. Түркітану ғылымының да қазіргі таңда мақсаты – сол ескі түркі тілдерінде материалдарды оқу, түсіну, аудару. Дегенмен, мақсатқа жету жолын қарастыра отырып, шағатай тіліндегі қолжазбаларды зерттеуде негізгі мәселелер туындап отыр:

1. Түркітану деректану салаларында шағатай тілін зерттеу негізгі пән ретінде оқытылмауы;

2. Шағатай тілін білетін ғылыми мамандардың тапшылығы;

3. Шағатай тілін зерттеу әдіс-тәсілдерін іздестіру мен тәжірибе жүзінде нығайту.

А.Н. Мұқанова «Түркілік этнолингвистикалық «шағатай» терминінің пайда болу тарихы» атты мақаласында: «шағатай тілінің зерттелуінен бұрын ол тілді оқыту, үйрету мәселесі жоғары тұр. Себебі тіл лингвистикалық тұрғыдан зерттеу нәтижелері біршама белгілі, бірақ бұл зерттеулер қорытындылары тілді үйренуге беретін көмегі қаншалықты деген сұрақ туын-

дайды. Ал аталмыш тілді оқи білу, тарихшылар үшін, оның ішінде қазақ тарихын зерттеушілер үшін аса маңызды» деген.

Елбасымыздың «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы да ескі қолжазбалармен жұмыстарды жандандыру бағытын қолдап жатыр. Елімізде табылған шағатай тіліндегі сөздіктер мен қолжазбаларды аудару, қазақ халқы үшін құнды көне шығармаларды латын графикасымен оны оқуға жеңілдету үшін транслитерациясын (транскрипті) жасау, ескерткіштердің тілдік ерекшеліктерін анықтау сияқты деректану саласында жүйелі түрде жұмыс істеу түркітану ғылымының қазіргі таңда міндеті болып саналады. Осындай ғылыми жұмыс ретінде авторы белгісіз ХІХ ғасырдың шағатай тілінде жазылған «Қисса-и Джанғнаме-и Рисале-и Шахи-Мардан» атты қолжазба болашақта қарастырылуы жоспарланып отыр.

Қорыта келгенде, шағатай тілін зерттеулер сонау ХІХ ғасырдан жалғасын тауып жатса да зерттеу тәсілдері белгілі бір жүйеге келтірілмегені анық. Сондықтан бұл талап түркітану ғылымымен айналысып жүрген ғалымдарға жүктеліп отыр. Демек, шағатай тіліндегі материалдарының оқылып, аударылып, оларға лексикалық, фонетикалық, морфологиялық талдау жүргізу, әрі терең зерттеп саралау, шағатай-қазақ тілдерінің сөздігін құрастыру сияқты жұмыстар түркітану ғылымының міндеттеріне айналды.

#### Әдебиеттер:

- Akar A. (2010) Türk Dili Tarihi. Dönem-Eser. Bibliyografya. 3Basım. Istanbul.  
 Bodrogligeti Andras J.E. (2001) Grammar of Chagatay. Lincom Europa. Muenchen.  
 Eckmann J. (1966) Chagatay Manual, Indiana University, Bloomington-The Hauge, (XII+340)  
 Eren H. (1950) Çağatay Lügatleri Hakkında Notlar. AÜDTCF Dergisi, 8 cilt. Sayı 1-2 Ankara, 145-163 sayfa.  
 Güzeldir M. (2002) Abuşka Lügati (Giriş-Metin-İndeks). Doktor tezi. Erzurum: Ataturk üniversitesi. Sosyal bilimler Enstitüsü.  
 Ölmez Z.K. (1998) Çağatayca sözlükler. Kebikeç. Sayı 6, Ankara, Sayfa.137-144.  
 Rahimi. F. (2018). Çağatay Türkçesi Sözlükleri Bibliyografyası. Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi, 7(1), 69-104.  
 Rahimi F. (2018) Çağatay Türkçesi sözlükleri bibliyografyası. Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi. Sayı: 7/1 2018. S.69-104. Türkiye  
 Shadkam Z., Bazarkulova B.K. (2015) Shagatai tili jane onyng damu kezenderi. [Chagatai language and periods of development] KazUU habarshysy. Shygystanu seriyasy. №4(74).